

ӨОЖ 355.019.02

А.Р. Әліпбаев, Б.З. Бөжеева
 Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
 халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
 E-mail: aman19@mail.ru

Иранның ядролық бағдарламасына қатысты келіссөздердің мәні мен рөлі

Бұл мақалада Иранның ядролық бағдарламасына қатысты алматылық келіссөздер сарапталады. Сонымен бірге қазіргі кезеңдегі Иранның ядролық саласына әлемдік қауымдастық тарапынан қалай назар аударылатындығы мен Иранның уранды байыту жөніндегі өндірістік қуаттылығына деген МАГАТЭ көзқарасы қарастырылады. Мақалада, сондай-ақ осы елге қатысты БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің қабылдаған бірқатар қарарлары да, яғни ядролық қаруды құру мақсаты үшін пайдалануы мүмкін болатын уранды байыту бойынша өндірістік қуаттылықты арттыруға байланысты бағдарламаны жүзеге асыруды тоқтатуға шақыруы да аталып өтіледі. «Алтылық» пен Иран арасындағы келіссөздерге қатысты кейбір мемлекеттердің ұстанымы да баяндалады. Иран өз кезегінде БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің талаптарын орындамауына қыр көрсету мақсатында кең көлемдегі өндірістік нысандарында уранды байыту бойынша және басқа да ядролық жанармайдың қуаттылығын арттыруға бағытталған жобасын жүзеге асыруды жалғастыруда. Ирандық тарап мұны тек қана бейбіт мақсатқа арналған деп дәйектеуде.

Түйін сөздер: Иран, МАГАТЭ, ядролық бағдарлама, уранды байыту, атом энергиясы, «алтылық» өкілдері, жана санкциялар, ядролық жанармай, ұлттық қауіпсіздік.

A. Alipbayev, B. Buyzheeva
The importance and role of negotiations on Iran's nuclear program

In this article it is analyzed Almaty negotiations on the nuclear program of Iran. Also it is considered as now to nuclear branch of Iran the close attention is shown from the world community and IAEA concern on creation by Iran of capacities on uranium enrichment. In article also it is noted that concerning this country a number of resolutions of the UNSC urging it to stop implementation of programs, the capacities connected with creation on uranium enrichment which can be used for creation of the nuclear weapon is accepted. It is described some positions of the states to negotiations between "six" and Iran. Iran, in turn, defiantly ignores requirements of UNSC and continues course realization on creation of large-scale production objects on uranium enrichment and other capacities of a nuclear fuel cycle for their use as the Iranian party claims, is exclusive in the peace purposes.

Keywords: Iran, the IAEA, the nuclear program of uranium enrichment, nuclear power, the representatives of the "six talks", the new sanctions, nuclear fuel, national security.

А.Р. Алипбаев, Б.З. Бюжеева
Значение и роль переговоров по ядерной программе Ирана

В данной статье анализируются алматинские переговоры по ядерной программе Ирана. Также рассматривается как в настоящее время к ядерной отрасли Ирана проявляется пристальное внимание со стороны мирового сообщества и озабоченность МАГАТЭ по созданию Ираном производственных мощностей по обогащению урана. В статье также отмечается, что в отношении этой страны принят ряд резолюций СБ ООН, призывающих её прекратить реализацию программ, связанных с созданием производственных мощностей по обогащению урана которые могут быть использованы для целей создания ядерного оружия. Описываются некоторые позиции государств к переговорам между «шестеркой» и Ираном. Иран, в свою очередь, демонстративно игнорирует требования СБ ООН и продолжает реализацию курса на создание крупномасштабных производственных объектов по обогащению урана и других мощностей ядерного топливного цикла для использования их, как утверждает иранская сторона, исключительно в мирных целях.

Ключевые слова: Иран, МАГАТЭ, ядерная программа, обогащение урана, атомная энергия, представители «шестерки», новые санкции, ядерное топливо, национальная безопасность.

Иран елі оңтүстік-батыс Азияда орналасқаны белгілі. Өзінің аумағы жағынан осы өңірдегі екінші орынға ие ел. Экономикалық даму деңгейі бойынша және технологиялық тұрғыдан алғанда аймақтағы алдыңғы қатарлы елдердің бірі болып табылады. Сонымен бірге Иранда мұнай мен табиғи газдың мол қоры шоғырланған. Ал Иранның ядролық бағдарламасы соңғы кездердегі халықаралық қатынастардың өзекті мәселелерінің біріне айналды.

Иранның ядролық технологияларды жетілдіре түсуі әлемнің бірқатар елдерін әбірге салуда. Өйткені әлемнің жетекші елдері, оның ішінде, ең алдымен, АҚШ мемлекеті ирандық ядролық бағдарламалардың бейбіт мақсатқа бағытталғандығына сенгісі келмейді. Бұл елдердің ең басты қауіптері – Иранның уранды байыту саласындағы мүмкіндіктері. Иранның уранды байытудағы мүмкіндіктеріне 2003 жылы Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (МАГАТЭ) тарапынан жүргізілген бақылаудың нәтижесінде Натанзадағы осы мақсатқа бейімделген қондырғыны айқындаудың негізінде халықаралық қауымдастықтың көзі жеткен болатын [1]. Тек Натанзадағы зауыттың басты міндеті болашақ Атом электр станцияларын ядролық жанармаймен қамтамасыз ету екендігін мәлімдеген ирандық биліктің уәжі халықаралық сарапшылардың күмәнін сейілте алмаған еді. Сенімсіздіктің басты себебі ирандық саяси жүйенің батыстың көңілінен шықпауында ма деген ой қалдырады.

Екінші жағынан, АҚШ мемлекеті Иранға қатысты қандай саясат ұстанады, басқалары соның аузын бағатындай. Әсіресе Дж. Буш кіші өзінің президенттік дәуірінде бұл мәселені әбден ушықтырғаны белгілі. АҚШ президенті болып сайланған Барак Обама алғашқы сәттен бастап Иранның ядролық бағдарламасын дамыту мәселесін бейбіт түрде шешуді ұсынған болатын. Сонымен бірге жаңа билік Иранның ядролық бағдарламасы жөніндегі өткізілетін БҰҰ мен Еуропалық Одақтың келіссөздеріне қатысуға ұсыныс білдірген болатын. Бұл мәселедегі америкалық саяси ұстаным ирандық ядролық мәселені шешу үдерісінің саналы арнаға бет бұратындығының айғағы еді.

Батыс пен Иранның бір мәмілеге келе алмауының негізгі себебі батыс елдері Иран атом қаруын иеленуге талпынуда десе, Иран өзінің ядролық бағдарламасы тек бейбіт мақсатқа

бағытталғандығын дәлелдеуге тырысады. Ирандық ядролық бағдарламаға қатысты келіссөздер Иран мен «алтылық» өкілдері арасында өтуде. «Алтылық» мемлекеттерді БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты мүшелері мен Германия құрайды.

2003 жылдан бері «Алтылық» пен МАГАТЭ ядролық таратпау тәртібіне қауіп тудыратын уранды байыту бойынша жұмыстарды Иранның тоқтату қажеттігін талап етіп келеді. МАГАТЭ басқару Кеңесі Иранның агенттікті хабардар етпей уранды байыту жөніндегі екінші зауытты салғандығын айыптаған кезде 2009 жылы келіссөздер үзілген болатын.

Бір жылдан астам уақыт кездеспеген Иран мен «алтылық» өкілдері арасында 2012 жылы ирандық ядролық бағдарламаға қатысты келіссөздер үш мәрте өтті. Алайда 2012 жылғы 14 сәуірде Ыстамбұлда, 23-24 мамырда Бағдат қаласында, 18-19 маусым күндері Мәскеуде өткен келіссөздерде нақтылы нәтижелерге қол жеткізілмеді.

АҚШ, Батыстың бірқатар елдері және Израиль Иранның бейбіт тұрғыдағы атом бағдарламасын ядролық қаруға қол жеткізудегі тек бүркеме деп күмәнданады. Өйткені 21 ақпанда ғана Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (МАГАТЭ) жариялаған ақпараты бойынша Иран Натанза қаласындағы ядролық алаңда жаңа үлгідегі IR-2 біртекті емес жүйені ажыратуға арналған қондырғылардың 180 данасын орнатуы БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің қабылдаған қарарына қайшы келді [2]. Сонымен бірге Иранның бұл қадамы екіжақты сенімсіздікті тіпті өршіте түсуде. Қазіргі кезеңде Иранға қатысты БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің төрт тыйым салу қарары мен бірқатар елдердің және ұйымдардың біржақты қарарлары әрекет етеді. Бұл қарарлардың басты талабы Иран ядролық бағдарламасының толық ашықтығын қамтамасыз етуге тиіс және оның тек бейбіт мақсаттарға арналғандығын дәлелдеуі керек.

Осы орайда, Еуропалық Одақ (ЕО) елдерінің ирандық мұнай импортына қатысты эмбаргосы 2012 жылдың 1 шілдесінде күшіне енген болатын. ЕО елдері өз әрекеттерін Тегеранға ядролық құмарлықтан бас тартқызу мақсатында істеп отырғандығымен түсіндіреді.

2013 жылдың басында АҚШ Иранға қатысты бірқатар жаңа санкциялар енгізеді. Оның басты мәні Иранның мұнай табыстарын шектеуіне

бағытталған, сондай-ақ ирандық мемлекеттік телекомпанияларға қарсы қабылданған шаралар болатын. Бұл өз кезегінде Ираннан мұнай сатып алатын елдердің санының азаюына әкелуде. Соның салдарынан Тегеран шетелге сатқан мұнай табыстарына қол жеткізуде шектеулі күй кешуде.

Соңғы келіссөздерден кейін екі тарап сегіз ай уақыт өткеннен соң 2013 жылдың 26 ақпанында Алматы қаласында кездесті. Келіссөздердің басты тақырыбы: Тегеран тарапынан БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің талаптарының орындалмауы және уранды байыту үдерісін тоқтату. Өйткені Батыс елдері уранды байыту тек атом бомбасын жасау мақсатында деп түсінеді.

Иран билігі өздерінің сындарлы келіссөздерге дайын екендіктерін мәлімдеген болатын. Осы орайда Иранның Сыртқы істер министрлігінің басшысы Әли Ақбар Салехи «Алматыдағы біздің келіссөздер бұған дейінгі Иран мен «бес плюс бір» тобы арасындағы мәжілісімізді жалғастыра түседі. Егер осы жолы әріптестеріміз тарапынан осы мәселені реттеуге деген шынайы ерік болатын болса, біз дайынбыз... Соңғы мәжілісті бұған дейінгі мәжілістермен салыстыратын болсақ, біз әлдеқайда алға жылжыдық. Біз дұрыс бағыттамыз», – деп атап өткен еді [3].

Рейтер агенттігі хабарлағандай халықаралық бітістірушілердің «алтылығы» Тегеранға ирандық ядролық бағдарлама бойынша шектеулікке келіскен жағдайда өз санкцияларын жұмсартатындығын ұсынады. Тек, Иранның Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Рамин Мехманпараст «алтылықтың» мұндай ұсынысын парапар деп санамайтындығын мәлімдейді [4]. Алматыдағы 26 ақпанда өткен екікүндік келіссөздердің алдында Еуропалық Одақ өкілдерінің басшысы Кэтрин Эштон «Иран өкілдері де бұл келіссөздерде икемділік танытады ғой» деп сенетіндігін білдірген еді.

Ал Иран тарапы болса батыстық әріптестерден жаңа ұсыныстар ести алмадық деп кейіді. «Алтылық» өкілдері болса (АҚШ, Қытай, Ресей, Ұлыбритания, Франция және Германия) Тегеранға ядролық бағдарламаны реттеу бойынша әлдеқайда жаңа ұсыныстар жасағандықтарын алға тартады. Дегенмен де келіссөзге қатысушылардың наурыздың 17-18 күндері сарапшылар деңгейінде Ыстамбұлда, кейін 5-6 сәуірде Иран мен «алтылық» өкілдерінің қайтадан Алматыда кездесуге уағдаласқандықтарының өзі үлкен жетістік десе болады. Ыстамбұлда са-

рапшылар Тегераннан тыйым шараларын алу мәселесін, жалпы екіжақты қадамның тепе-теңдігін қарастыру жүктелген еді. Ыстамбұлдағы сарапшылар деңгейіндегі кездесу барысында «алтылық» елдері мен Иран сарапшылары мәселені саралауда жан-жақты пікір алмасулары өзара сенімділікті де нығайта түсті деп мәлімдеді Қытай Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі – Хун Лэй [5]. Екі тарапта мәселені бірлесе шешуге ынталығын білдірді. Иран тарапынан ұсыныс жасалғандығы айқын болғанымен, оның нақты мәні құпия болып қалды. Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрінің орынбасары Сергей Рябков бұл жөнінде: «Біз («алтылық») бұл ой-пікірді қарастыратындығымызды қуаттай отырып, ирандық тарапқа сенімділікті орнату үшін қалыптасқан жағдай үйлесімді қатынасты талап ететіндігін мәлімдедік», – дейді [6].

Ирандық ядролық бағдарлама бойынша халықаралық бітістіруші «алтылық» Алматы кездесуінде Тегеранға егер Иран Фордо қаласындағы ядролық алаңда уранды байытуды 20 пайызға дейін шектесе, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі тарапынан тыйым салу шараларын жұмсартып және қосымша шаралар қабылдамауды ұсынған еді. Жалпы, «алтылықтың» Иранмен болған Алматы кездесуі тараптар үшін тиімді болды. Бірқатар толыққанды мәжілістермен қатар екіжақты кездесулер барысында мәселенің әртүрлі шешілу жолдары мен өзара сенімділікті нығайту шаралары қарастырылды.

5-6 сәуірде Алматы қаласында өткен «алтылық» пен Иран арасындағы келіссөздердің басталар шағында ЕО Жоғары өкілінің сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты бойынша баспасөз-хатшысы Майкл Манн тілшілерге берген сұқбатында «алтылық» Иранның бейбіт атомға деген құқын мойындауға дайын, Тегеран халықаралық қауымдастыққа өзінің ядролық бағдарламасы тек бейбіт сипатта екендігін дәлелдеуі тиіс деп атап өткен болатын.

Кездесу барысында екі тарапта өз уәждерін алға тартқанымен нақты бір мәмілеге келе алмады. Дегенмен келіссөздердің бірінші айналымының қорытындысы бойынша Иран ұлттық қауіпсіздігі Жоғары кеңесінің хатшысы Саид Джалили «алтылық» ұстанымы әлдеқайда шынайылыққа жақындай түсті, кейбір тармақтар бойынша тараптардың ұстанымында жақындаушылық байқалды, ал нақтылы нәтижеге жетуде әлі де тараптар арасында терең тұңғыш

жатқандай деп мәлімдеген еді. Ал ЕО Жоғары өкілінің сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты бойынша баспасөз-хатшысы Майкл Манн болса Тегеран тарапынан ешқандай жаңа ұсыныстар шықпағандығын, келіссөздер барысында сол ақпандағы мәселелер талқыланғандығын хабардар еткен болатын [7].

Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрінің орынбасары Сергей Рябков: «келіссөздер өте қарқынды екі күнде, нақтылы мәселелер бар ықпалмен қарастырылды, тараптардың басты мәселеге көңіл бөлуі – бұл үлкен жетістік», әрине, «бізге ортақ қиыншылық шебін табу әлі қиынға соғуда», – деп атап өткен еді [8].

Еуропалық Одақтың сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты бойынша жоғары өкілі Кэтрин Эштон Алматыдағы келіссөздер барысында ирандық ядролық бағдарлама бойынша «алтылық» пен Иран арасында алғаш рет шынайы пікір алмасу орын алды деп көрсетті. Әрине, тараптардың ұстанымы әзірше бір арнадан шықпауы өкінішті екендігін білдірді. Оның сөзіне қарағанда, Иран мен «алтылық» арасындағы келіссөздер үдерісінің табысқа жетуі үшін келіссөздерге қатысушылар аса жоғары қарқында жұмыс жасаулары тиіс. Сонымен бірге келіссөздерді үйлестіру мақсатында ирандық өкілдердің басшысы Саид Джалилмен әрқашан байланыста болатындығын тілге тиек етті.

Саид Джалил осы кездесу барысында уранды байыту Тегеранның ажырамас құқы болып табылатындығын тағы да атап өтті. Сол орайда ол: «Бұған дейін бірнеше рет айтқанымыздай, уранды байыту, 5 немесе 20 пайыз бола ма, ол Иран халқының ажырамас құқы болып табылады. Келіссөздер кезінде де біз бұл жөнінде айттық», – деп ескертті. Ол: «Мәскеулік мәжілісте кешенді жоспар алға тартылған еді. Уранды байыту біздің құқымыздың бір бөлігі және ол құқықты иран халқының құқы мен қажеттілігіне сай пайдалануды көздеудеміз деп жеткіздік, дегенмен ынтымақтастыққа қатысты мәселелерді келесі келіссөздерде талқылауға болады», – деп жалғастырды [9].

Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрінің орынбасары Сергей Рябковтың пікірінше, Иранның ядролық бағдарламасын шешу үлгісі ретінде МАГАТЭ тарапынан ирандық ядролық бағдарламаға жан-жақты қамтыған бақылау қоюға келіскен жағдайда Тегеранға Ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісімшарт бой-

ынша барлық құқықты беру қажет. Сондай-ақ Иранның барлық тыйым салу шараларынан азат еткен дұрыс деп есептейді.

Өз кезегінде Иран жағы да ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісімшартты негізге алған жағдайда келіссөздер үдерісінде ілгерілеушілікке мүмкіндік туар еді дегенді айтады.

Алматы келіссөздерінен кейін, 8 сәуір күні ирандық агенттік «Фарс» мәліметі негізінде IslamNews Иранның ұлттық қауіпсіздік және сыртқы саясаты мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы Алаэддин Боруджерди Ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісімшарт пен МАГАТЭ ережелерін құрметтей отырып, Батыстың осы келісімшарттардағы баптарды елемей, яғни ядролық қаруды қысқартуды және Иранның атом энергиясын пайдалану құқы мейлінше Иранның келісімшарттан шығу мәселесі ел парламентінің талқылауына түсуі әбден мүмкін екендігін мәлімдегенін хабардар етті. Иә, Иран Ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісімшарттың (ЯҚТК) «жікшілдік сипатына» өзінің күйзелісін білдіруде. Иранның МАГАТЭ жанындағы тұрақты өкілі Әли Асгар Солтание 24 сәуірде Ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісімшарттың ықпалын қарастыру жөніндегі 2015 жылғы мәслихат бойынша дайындық комитетінің мәжілісінде әлемдегі қарусыздану үдерісі «алаңдатушылық пен түңілушілік» туғызатындығын мәлімдеді. Оның айтуынша, ядролық қаруды өндіруші елдерде 10 мың ядролық оқтұмсықтың болуы және ядролық технологияның үзіліссіз жетілдірілуі адамзатқа орасан зор қауіп тудырады. «Ядросыз» елдер, олардың қатарына Иран да жатады, мұндай жағдайда олар өздерін өте әлсіз сезінеді», – деп атап өтті өз сөзінде Әли Асгар Солтание. АҚШ мемлекетінің таяуарада ядролық оқтұмсықтарға өткізген сынақтарын ядролық әлеуетін нығайту деп түсінуге болады, бұл өз кезегінде қарулану жағдайының жаңа айналымын туғызуы да мүмкін дейді Иранның тұрақты өкілі. ЯҚТК бойынша міндеттерге адалдығын қуаттай отырып, Иран ешқашан өзінің бейбіт мақсатта ядролық технологияларды пайдалану құқынан бас тартпайтындығын ескерте келіп, Иранға қатысты Батыс екіжүзді дұшпандық саясат ұстанса «сәтсіздікке ұшырайтындығын» да атап өтті [10].

Иранның ядролық бағдарламасы төңірегіндегі пікірталаста саналы ой алда болып, салихалы

саясатты негізге алып, елдердің саяси билігіне қатысты іштегі бір тар қыжылын шетке ысырып тастап, бар ықыласты басты мәселеге ғана аударғанда нәтижелі мәмілеге келу мүмкіндігі ұлғая түсері сөзсіз. Дау қуған ел тозбаса, озбайды деген, аймақтың, жаһанның қауіпсіздігі басты орынға шығар күн жеткендей.

Осы орайда, Иран мен МАГАТЭ Тегеранның ядролық бағдарламасы шеңберіндегі кезекті кездесуін МАГАТЭ жанындағы Иранның Венадағы миссиясының ғимаратында 15 мамырда өткізуді белгілеп отыр. Бұл кездесулерде де екіжақты ымырашылдық басым болар деп үміттенеміз.

Әдебиеттер

- 1 Әліпбаев А.Р., Бюжеева Б.З. Қазіргі халықаралық қатынастардағы Иран еліне қатысты саясаттың кейбір астарлары // ҚазҰУ хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. – Алматы, 2009. – №3 (41). – Б.127-131.
- 2 МАГАТЭ: Иран приступил к масштабному монтажу современных центрифуг для обогащения урана в Натанзе // support@tass-online.ru
- 3 Встреча в Алма-Ате вывела переговоры «шестерки» с Ираном на правильный путь - МИД Ирана // <http://www.regnum.ru/news/1631072.html#ixzz2S7Onu3JD>
- 4 Встреча «шестерки» по Ирану в Алма-Ате: санкции или уступки // itar-tass.com/c11/701089.html
- 5 МИД Китая: Встреча в Стамбуле по иранской ядерной программе была полезной //
- 6 <http://www.regnum.ru/news/1638530.html#ixzz2S7SArjHH>
- 7 В Казахстане начался очередной раунд по ядерной программе Ирана // vesti.ru/theme.html?tid=73253
- 8 Никаких предложений от Тегерана по урегулированию его ядерной проблемы нет: Манн // <http://www.regnum.ru/news/1645198.html#ixzz2S7RwpLc0>
- 9 «Шестерка» и Иран обменялись предложениями по ядерному урегулированию // tvrain.ru/articles/v_alma_ate_nachi.
- 10 Тегеран готов пожертвовать ураном ради доверия «шестерки» // vesti.ru/theme.html?tid=73253
- 11 Ядерная программа Ирана является законным правом страны - постпред Ирана в МАГАТЭ // <http://www.regnum.ru/news/1644858.html#ixzz2S7OUtWzn>

References

- 1 Alipbaev A.R., Biuzheeva B.Z. Qazirgi halyqaralyq qatynastardagy Iran eline qatysty sayasattyn keybir astarlary // QazUU habarshysy. Halyqaralyq qatynastar jane halyqaralyq quqyq seriysy. –Almaty, 2009 j. №3 (41). –B.127-131.
- 2 MAGATE: Iran pristupil k maszhtabnomu montazhu sovremennyh tzhentrifug dly obogasheniy urana v Natane // support@tass-online.ru
- 3 Vstresha v Almaty vyvela peregovory «shesterki» s Iranom na praviknyi put –MID Irana // <http://www.regnum.ru/news/1631072.html#ixzz2S7Onu3JD>
- 4 Vstresha «shesterki» po Iranu v Almate: sanktzhii ili ustupki // itar-tass.com/c11/701089.html
- 5 MID Kitaya: Vstresha v Stambule po iranskoi yadernoy programme byla poleznoy // <http://www.regnum.ru/news/1638530.html#ixzz2S7SArjHH>
- 6 V Kazahstane nachshalsya ocsherednoy raund po yadernoy programme Irana // vesti.ru/theme.html?tid=73253
- 7 Nikakih predlojenii ot Tegerana po uregulirovaniy ego yadernoy problem net: Mann // <http://www.regnum.ru/news/1645198.html#ixzz2S7RwpLc0>
- 8 «Shesterka» I Iran obmenyalis predlojeniyami po yadernomu uregulirovaniyu // tvrain.ru/articles/v_alma_ate_nachi.
- 9 Tegeran gotov pojertvovat uranom radi doveriya “shesterki” // vesti.ru/theme.html?tid=73253
- 10 Yadernoy programma Irana iyavlyatsya zakonnyim pravom strany – postpred Irana v MAGATE // <http://www.regnum.ru/news/1644858.html#ixzz2S7OUtWzn>